

**Қамқоршылық кеңесі жиналысы**  
**№ 5 хаттама**

**24.12.2024 жыл**

**Толық атауы:** Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «С.Асфендияров атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ

**Өткізілетін орны:** Шахтинск қаласы, Панфилова,4

**Қатысқан адам саны - 10**

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесі құрамына өзгерістер енгізу. Қамқоршылық кеңесі төрағасы мен хатшысын тағайындау.
2. Мектепті жабдықтандыру бойынша атқарылған жұмыстар және алдағы жоспарлар туралы
3. Мектеп оқушыларының іс-шараларға қатысуы барысындағы қауіпсіздік талаптардың сақталуы туралы. Мектеп оқушыларының қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі.

**Тыңдалды:**

Бірінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшелерінің жаңа құрамы таныстырылып өтті. Қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің шешімімен кеңес төрайымы ретінде Ерханова Гулим Жанболатовна, кеңес хатшысы ретінде Исабаева Назерке Қанатқызы ұсынылды.

Қамқоршылық кеңес мүшелерімен ашық түрде дауысқа салынды.

Дауыс беру:

«иә» - 10

«қарсы» - 0

«қалыс қалған» -0

**Шешім:**

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы ретінде Ерханова Гулим Жанболатовна, хатшысы болып Исабаева Назерке Қанатқызы тағайындалсын.

Екінші сұрақ бойынша, мектеп директоры А.Есмаганбетов сөз алды. Мектептің жабдықталуы бойынша ата-аналар алдында есебі тыңдалды. Мектеп директоры қамқоршылық кеңес мүшелеріне мектептің алдағы жоспарымен таныстырып өтті. Мектептің жабдықталуы бойынша атқарылған жұмыстар және жоспардағы іс-шараларға тоқталып өтті. Мектеп оқушылардың екінші үйі, сол себепті оқушыларға да педагогтерге де қолайлы орта туғызуымыз қажет. Сол үшін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету мақсатында, жұмыстар атқарылуда.

**Шешім:** оқушылар мен педагогтерге қолайлы орта құру үшін жан-жақты жағдай жасалсын.

Үшінші сұрақ бойынша директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары Э.Біржікен сөз алды. Маңызды сұрақтардың бірі- оқушылардың қауіпсіздігі.

Мектеп оқушыларының қауіпсіздігі ең басты мәселе болып табылады. Мектебімізде оқушылардың мектепке кіруі рұқсат құжаты арқылы ұйымдастырылған. Барлық оқушылармен мектепте, мектептен тыс жерде, ғаламтор желісінде, жолдан өту барысында, көпшілік ортада өзін-өзі ұстауы жайлы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп өтті, аталған жұмыс оқушылармен үнемі ұйымдастырылып отырады.

Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аталған іс-шаралар әлі де жалғасын табатын болады. Мектепте педагогикалық ұжым отбасында ата-аналар бірігіп, балаларды зиянды ортадан, бөгде әдеттерден аулақ болуы үшін, үнемі бірігіп жұмыс жасауға шақырамын.

Оқушылардың қысқы каникул кезінде қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында, арнайы іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Аталған іс-шараларды ұйымдастырып оқушыларымыздың қысқы каникул кезінде бос уақытын тиімді өткізуге ат салысайық. Барлық сыныптарда қысқы демалыс кезіндегі қауіпсіздік бойынша сынып сағаттары ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында бала қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әр дүйсенбі сайын өтетін сынып сағаттарының 10 минуты қауіпсіздік тақырыбына арналады. Жаңа жылдық іс-шаралар барысында оқушылардың қауіпсіздігі ең басты орында тұруы қажет. Баршаңызды іс-шаралар өткізу барысында санитарлық талаптарды үнемі сақтауға шақырамын.

**Шешім:** Бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында іс-шаралар мен түсіндірме жұмыстары жалғастырылсын.

**Қамқоршылық кеңес төрайымы:**












**Г.Ж. Ерханова**

**Хатшы:**



**Н.К.Исабаева**

**Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:**

1. Сайран Алтынгүл 
2. Адилова Камила Тулегеновна 
3. Утемуратова Бекзат Абдисадыковна 
4. Жайлибаева Гулзира Избаскановна 
5. Жанымхан Саяран 
6. Мавитхан Март 
7. Умирзахова Жазира Алтынбекова 
8. Букирбаева Камила Шамсидиновна 
9. Мырзакулова Камила Есенкельдиевна 
10. Калабаева Айшагуль Сармантаевна 